

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚТІЛДІ ЕРТЕ ЖӘНЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ
ФОНЕТИКАЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әдістемелік нұсқаулық

АЛМАТЫ 2023

УДК 376
ББК 74.3
К17

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, ұсынылған (2023 жылдың 8 желтоқсандағы №40 хаттамасы).

Құрастырушы-авторлар:

Ибатова Г.Б. – PhD, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының аға әдіскері;

Нурсейтова Ж.Ж. – дефектология магистрі, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының аға әдіскері;

Естемесова Ж.Ж. - дефектология магистрі, арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері.

Рецензенттер:

Жакипбекова С.С. – PhD, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті «Педагогика және психология» институтының «Арнайы педагогика» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а;

Бекжанова Ж.С. – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті психология және педагогика кафедрасының аға оқытушысы.

Қазақтілді ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың фонетикалық бұзылыстарының ерекшеліктері: әдістемелік нұсқаулық/ Ибатова Г.Б., Нурсейтова Ж.Ж., Естемесова Ж.Ж. – Алматы АИБД ҰҒПО, 2023. – 50 б.

ISBN 978-601-09-2211-2

Әдістемелік құрал арнайы және жалпы білім беру мекемелерінің логопед мамандары мен дефектологтарына, тәрбиешілерге, сөйлеу тілінің дамуында тежелістері бар балалардың ата-аналарына арналған. Әдістемелік құралда қазақ тілді ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың фонетикалық бұзылыстарының ерекшеліктері қарастырылған. Мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыстарды айту барысын 0 ден 2 жасқа дейін, 2 ден 4 жасқа дейін және 4 тен 6 жасқа дейінгі кезеңдерге бөліп қарастырған. Әдістемелік нұсқа кіріспеден, төрт бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

УДК 376
ББК 74.3

ISBN 978-601-09-2211-2

©АИБД ҰҒПО, 2023

© Ибатова Г.Б., Нурсейтова Ж.Ж., Естемесова Ж.Ж., 2023.

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1. Қазіргі кездегі Қазақстандағы балалардың дыбыстарды айтуын зерттеу жағдайы: мәселелер мен перспективалар.....	6
2. Дыбыстарды айтуында бұзылыстары балалардың клиникалық-педагогикалық сипаттамасы	13
3. Дыбыстарды айтуын диагностикалау әдістері	41
4. Балалардың фонетикалық бұзылыстарының ерекшеліктері	46
Қолданылған әдебиеттер	49

Кіріспе

Сөйлеу тілі -бұл дыбыстардың, сөздердің және тілдің басқа компоненттерінің көмегімен қарым-қатынасқа ықпал ететін адамның маңызды жетістігі.

Баланың тұлғалық дамуы онда дұрыс сөйлеу тілінсіз мүмкін емес.

Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту әдістемесі мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ана тілінде ұйымдастырып, балалардың тілін дамытуды қалыптастыратын әдіс-тәсілдерді қарастырады. Тіл дамыту әдістемесі баланың ауызекі сөйлеу тілін қалыптастырудың, өзгелермен қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз ететін педагогикалық әрекеттердің бірі болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балада сөйлеуді дамыту туралы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде зерделенген.

Баланы ана тілінде оқыту әдісі тұңғыш ағартушы Ы. Алтынсариннің еңбектерінде көрініс тапты. Ағартушы-ұстаз ана тілінде оқытудың жолын, қағидаларын, әдістерін көрсетті, балаларға арнап «Қазақ хрестоматиясын» жазды.

Ағартушы-ұстаз А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салды. Қазақ тілін оқыту әдістемесі А. Байтұрсынұлының «Баяншы», «Жалқылау, жалпылау», «Қай әдіс жақсы ?» т.б. еңбектерінде баяндалды.

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуына сүбелі үлесін қосқан, мектеп жасына дейінгі балаларға арнап әдістемелік оқу құралдарын әзірлеген Н.Құлжанованың «Балабақшадағы тәрбие», «Ана мен бала», Б.Баймұратованың «Біздің кітап», «Мектепке дейінгі ұйымдарда және отбасында баланың тілін дамыту әдістемесі», «Баланы мектепке қалай даярлауға болады?» т.б. еңбектерінде ана тілін оқыту және тіл дамыту әдістемесінің мәселелері зерттелген. Бөбек жасындағы балалардың сөздік қоры мен сөйлеуінің даму ерекшеліктері жайында Б. Баймұратованың еңбектерінде жазылған. А. Бақреденова, Х. Қожахметова, А. Меңжанова, Ә.Әмірова, Қ.Меңдаяхова және т.б. еңбектерінде балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Педагогика ғылымындағы баланың сөйлеу тілі мәселесі шетелдік ғалымдардың еңбектерінде де зерделенді. Бала тілінің дамуын алғаш зерттеген чех ғалымы Я.А. Коменский болды. Я.А. Коменский «Аналар мектебі немесе баланы алты жасқа дейін қамқорлықпен тәриелеу» атты еңбегінде баланың тілі мен ойын қатар дамыту керек деп жазды. Үш жасында баланы дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуді, 4-6 жас аралығында сөздік қорын байыту қажеттігін, яғни көрген заттарын баланың сөзбен дұрыс айта білуін қалыптастыруды ұсынды.

Балаға тілді үйретуді психология ғылымы бойынша зерттеген ғалым Л.С.Выготский болды. Л.С.Выготскийдің «дамыта оқыту» тұжырымдамасы бала тілінің табиғи даму кезеңдерін

көрсетеді. Л.С.Выготский, А.А.Леонтьев, И.А.Зимняя «Әрекет ету теориясы» бойынша бала тілінің даму деңгейін анықтауды ұсынған.

Қазақ тіл білімінде сөйлеу әрекеті онтогенезі, бала тілінің шығуы мен дамуы теориялық жағынан да, бақылау тәжірибе жағынан да арнайы ғылыми зерттеу объектісі ретінде алғаш рет ғалым Т.Т. Аяпованың еңбегінде синтаксистік семантика тұрғысынан, яғни бір сөзді сөйлемнен бастап, екі сөзді, үш сөзді сөйлемдер деңгейінде қарастырылған [1]. Бұл – ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, тәжірибені қажет ететін тіл білімінің күрделі мәселелерінің бірі болғандықтан біз өз кезегімізде сөйлеу онтогенезін қалыпты жағдайдағы балалар негізінде жалпы тіл білімі, психолінгвистика, жалпы педагогика мен психология, арнайы педагогика т.б. салаларға мол материал беретін тақырып ретінде зерттеуді алдымызға мақсат етіп қойдық.

Бұл әдістемелік құрал арнайы және жалпы білім беру мекемелерінің логопед мамандары мен дефектологтарына, тәрбиешілерге, сөйлеу тілінің дамуында тежелістері бар балалардың ата-аналарына арналған. Әдістемелік құралда қазақ тілді ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың фонетикалық бұзылыстарының ерекшеліктері қарастырылған. Мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыстарды айту барысын 0 ден 2 жасқа дейін, 2 ден 4 жасқа дейін және 4 тен 6 жасқа дейінгі кезеңдерге бөліп қарастырған. Әдістемелік нұсқа кіріспеден, төрт бөлімнен және қорытындыдан тұрады.

1. Қазіргі кездегі Қазақстандағы балалардың дыбыстарды айтуын зерттеу жағдайы: мәселелер мен перспективалар

Елімізде осы бағыттағы ғылыми зерттеулер бұдан бұрын да жүргізілген еді, мысалға Б. Баймұратова [2,3], А. Бакраденова т.б. зерттеушілердің еңбектерін айта аламыз [4].

Баланың сөйлеу әрекетін жалаң лингвистикалық тұрғыдан зерттеу мүмкін емес, себебі бала тілінің шығуы мен дамуының себеп-салдарын психолінгвистикалық арнайы зерттеулерден табуға болады. Сондықтан да біз осы зерттеу жұмысымызды жүргізу барысында психолінгвистикалық және лингвистикалық, педагогикалық және әдістемелік зерттеулерге жүгінеміз.

Адамды адам қылған, ары қарай дамытып әрқашан жетілу үстінде құбылыс ретінде ең алдымен тілді атауға болады. Тіл- адам ойын жетілдіру үшін, әлемді қоғамды танытушы. Тіл арқылы әр адам өз ойын, өз пікірін жеткізе алады, қоршаған ортамен қарым- қатынысқа түседі. Тілді тиімді әрі дұрыс пайдалану адамның сөздік қорының және оны орынды қолдануына байланысты.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде қалыптасқандай балаланың психикалық дамуының толықтығы ең маңызды мәселелерінің бірі- баланың сөйлеу тілі жағдайы.

Бәрімізге белгілі болғандай қалыпты сөйлеу тілінің даму кезеңі баланың мектептегі келешкте оқушының сөздік қорының және тілдің грамматикалық формалары сауаттылықты меңгеруде дайындығының міндетті түрде қажет екені белгілі.

Фонетика-фонематикалық және ерекше сөйлеу тілінің лексика грамматикалық жағының жетіспеушілігі, басқа психикалық процестердің қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Осы сөйлеу тілін дамыту мәселелернің аспектілеріні зерттеу барысында фонематикалық қатарын, сөздік қорының құрамын, сөйлеу құрауын т.б. процестердің параметрі мен (А.К. Аксенова, М.Ф. Гнездилов, Г.М. Дульнев, М.В. Занков, Г.В. Петрова) айналысқан.

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин ана тілінің тазалығы мен сөздрдің дұрыс қолдануына үлкен мән беріп, баланың тілін, сөздік қорын дамытудағы түсіндермелі оқу ісінің маңыздылығын көрсетті. Ал А.Байтұрсынов тіл мәдениетіне, тілдің қисынды болуына мән бере келе, айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтатынына назар аудартты. Сондықтан ол өз ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керектігін ескертті. Ол үшін айтушы сөйлейтін сөзін жақсы қолдана білу тиіс деген талап қойды.

Тіл тілдің өзара бір-бірімен байланысты екі жағы болады. Оның бірі- тілдің грамматикалық және фонетикалық жақтары. Тілдің осы екі жағының бірлігінің тұтас тіл құралы да, айтылатын ой түсінікті болып, тіл нағыз қатынас құралы ретінде қызмет ете алады.

Тіл ғылымының әр саласы сөзді әркілі тұрғыда қарап тексереді. Мысалы: сөздің дыбыстық жағының сыр сипатын оның белгілі бір дыбыстық комплекс арқылы құлаққа естілетінін айтамыз.

Сөйлеу тілінің 2 түрі бар: сыртқы және ішкі сөйлеу тілі. Сыртқы сөйлеу тілі өз ішінде 2-ге бөлінеді: ауызша және жазбаша сөйлеу тілі. Ауызша сөйлеу тілі диалогты және монологты болып бөлінеді.

Ішкі сөйлеу тілі- бұл ой тілі. Бұл тіл тек өзі-өзімен сөйлесу үшін керек. Бұл тіл тек өзімізге ғана түсінікті тіл. Ол үзілді кесілді болып айтылса да ол өзімізге ғана түсінікті. Ішкі сөйлеудің қалай құралғанын біз өз-өзімізге бақылау жасай аламыз. Ал баланың ішкі дүниесіне еніп, ішкі тілін нықтау өте қиын. Тілдік тапсырмаларды шешу үшін ішкі сөйлеу тілінде қолдану керек.

Тіл – ойды дамытушы құрал. Ой тілдік материалсыз айтарлықтай жақсы дами алмайды. Тіл ойды басқарып отырады. Баланың сөйлеу тілі жақсы дамыса, ойыда соншалықты жақсы дамиды. Сондықтан сөйлеу тіліне байланысты. Психолог Н.И.Жинкин былай деп жазған: «Тіл- бұл интеллектіні дамытушы амал. Тіл қаншалықты тез меңгерілсе, соншалықты жеңіл түрде білімді меңгереді.

Ауызша сөйлеу тілі - дыбыс шығару сөйлеу тілі. Ол есту арқылы қабылданады, ал дыбыстық органдардың іс- әрекеті іске асады. Ауызша сөйлеу тілін меңгеру процесі баланың миына әсерін тигізе отырып сөздердің дыбыстық және сөз тіркестері, әртүрлі қабылдаулар арқылы тікелей қарым- қатынасты орнатады. Сөйлеу тілі ол адамның санасының іс-әрекетінің ұйымдастырылған арнайы қиын формасын ұсынады. Қарым-қатынастың негізгі тәсілі бола отырып, ол екі субъектінің қатысуын ұсынады біреуі шығарады, екіншісі қабылдайды. Баланың сөйлеу тілінің ең тиімдісі ауызша сөйлеу тілі болып табылады. Бәрімізге белгілі болғандай дұрыс жетілген балаға ауызша сөйлеу тілін меңгеру оңай, өйткені ол арнайы оқытусыз өзі тікелей қарым- қатынасқа түсе алады. Дұрыс жетілген баланың сөйлеу тілін көптеген ғалымдар зерттеген. (Л.С. Выготский, А.Н.Гвоздев, Н.А.Швачкин, Д.Б. Эльконин, А.Н. Соколов,Ж.Пиаже).

Тілдік қарым-қатынаста берілетін ақпараттарды адамдар қабылдау, түйсіну, ойлау, секілді психикалық процесс негізінде сөйлеу процесі арқылы меңгеріп, оны қайтадан сыртқа шығарады.

Сөйлеуді меңгере отырып, бала басқа адамдармен араласуды, оларды түсінуді, оларға әсер етуді, ересектермен және бақа балармен сөйлесуді үйренеді.

Демек, тіл арқылы бала өзінің қоғамының бір бөлшегі, қоғамға қатысты екендігін сезінеді. Бұл баланың психикалық дамуына оның жеке тұлға болып қалыптасуына ықпалын тигізеді. Тіл – қоғамдық құбылыс болғандықтан, сөздік қорда тек қоғам бар жерде ғана жинақталады. Қоғам жоқ жерде сөздік қор дамымайды, жетілмейді.

Ғалымдар (Л.С.Выготский, А.В. Ярошенко сәбидің күлкісін, былдарлауын, ым-шараларын (қолымен бір затты нұсқағанын) қатысым амалдарына жатқызып, мұның барлығы

баланың қоршаған ортаға өзінің сезімін көңіл- күйін білдіреді дейді. Бала былдырлап сөйлегенде қоршаған ортаиысындағы естіген дыбыстарын қайталайды.

Қазақ тілі ерекше жүйе ретінде өзінің құрамындағы бірліктерінің энергиялық қуатын сөйлеу барысында, сөйлеу әрекетінде таныта алады. Сөйлеу барысы көптүрлі және көпбейнелі түрге ене алатын күшке ие болып келеді. Адам баласының сөйлеуі барысында физикалық та, психикалық та, физиологиялық та процестер қатар жүріп жататынын байқауға болады. Сол сәтте сөйлеу – әрі индивидуалды, әрі әлеуметтік құбылыс ретінде өтіп жатады.

Фонетика гректің фоне деген сөзі негізінде қолданысқа еніп қалыптасқан. Фонеманың мағынасы – дыбыс, үн, дауыс. Фонетика – тіл ғылымының, тілдердің дыбыстық жүйесін зерттейтін саласы. Ол тіл дыбыстарын, олардың құрамын, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттейді. Тілдегі лексикалық және грамматикалық құбылыстар тіл дыбыстарымен, тілдің дыбыстық жүйесіндегі фонетикалық заңдылықтармен байланыста, қарым-қатынаста болады.

Қазақ тілінде дыбыс деген сөздің мағынасы әр түрлі. Дыбыс деген ұғым тек тіл дыбыстарына ғана айтылмайды, бізді қоршаған ортаға тән құбылыс.

Жалпы дыбыс болу үшін мынадай үш түрлі шарт керек:

- 1) дыбыс шығаратын дене;
- 2) дыбыс шығаратын денені қозғалысқа келтіретін күш;
- 3) ауа толқырлық кеңістік.

Сөйлеу тілінің дыбыстарының пайда болуына да осындай үш түрлі шарт керек:

- 1) дыбыс шығаратын дене- сөйлеу мүшелері,
- 2) қозғалысқа келтіретін күш - өкпеден шығатын ауа,
- 3) кеңістік – тыныс мүшелері, тамақ, ұуыс мүшелері.

Тіл дыбыстарының тілдік емес дыбыстардан негізгі айырмашылығы – олардың адамның сөйлеу мүшелері арқылы жасалатындығында.

Сөйлеу мүшелері дегеніміз – тіл дыбыстарын жасауға қатысатын дыбыстау мүшелері. Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Сөйлеу дыбыстарын жасаудағы дыбыстау мүшелерінің қызметін артикуляция дейміз. Сөйлеу мүшелері – сөйлеу органы немесе дыбыстау аппараты деп те атала береді. Сөйлеу мүшелерінің тіл дыбыстарын жасау қызметі адам жаратылысында, туа пайда болатын биологиялық қасиет емес, ұзақ мерзімдік жаттығу нәтижесінде, өзін қоршаған ортадан, өмірден үйренетін қосымша қызметі.

Адамның сөйлеу органы үш бөліктен тұрады.

1. тыныстау аппараты;
2. көмей (тамақ, желбезек) дауыс шымылдығы деп те аталады;
3. мұрын қуысы мен ауыз қуысы.

Тілдегі сөздер бір-бірімен мағыналары мен дыбысталуы жағынан ажыратылады. Мысалы, қазақ тіліндегі тас пен тес, тоз – тез деген сөздердің әр басқа сөздер екендігін, олардың мағынасы мен дыбыстарының әр басқа болуына қарап ажыратамыз. Мағына мен дыбысталуының әр басқа болуы сөздердің формаларында морфемаларды да ажыратады. Тіл білімінде дыбыстың осы қызметіне орай фонема деген ұғым пайда болды. «Фонема сөздер мен олардың дыбыстық формаларын ажырататын әрі қарай бөлшектеуге келмейтін дыбыстық единица». Фонемаларды зерттейтін ілім фонология деп аталады. Тілдердің дыбыс жүйесі әр түрлі болады. Олардағы дыбыстың сапасы да бірдей емес. Түркі тілдерде дауыссыздардың жуан және жіңішке болуы дыбыстарға байланысты болады. Сөз құрамындағы дауысты жуан болса, онымен тіркесе айтылған дауыссыз да жуан түрде айтылады. Керісінше, дауысты жіңішке болса, оған тетелес дауыссыз да жіңішке болып келеді. Мысалы: сан – сән, сол – сөл, ар - әр т.б. Бірақ түркі тілдерде дауыссыз дыбыстардың фонемалық қасиеті жоқ.

Сөздердің айтылуы мен жазылуы бірдей емес. Көзбен көріп отырған яғни жазылған тілді – сөзді қатесіз жазу және жазылғандай етіп оқу, сөйлеудің ролін төмендетпейді де, кемітпейді. Ал шындығында, сөйлеу, айту – жазудан көрі маңыздырақ. Басқасын былай қойғанда, кез келген адам алдымен сөйлеуге жаттығып, үйренеді де, содан кейін барып жазуды үйренеді. Сөз дыбыстардан құралады. Бірақ дыбыс болған жердің бәрі де сөз болып қалыптаса бермейді. Сөзді фонемалық дыбыстар ғана құрайды. Сөз бен дыбыстың арасында заңды бірлік бар. Бұл заңдылық дәстүрлік принципке сүйенеді. Сөз бен дыбыстың бірлігі мынада:

1. сөз болмаған жерде дыбыс жүйесі жоқ.
2. дыбыссыз сөз жоқ.

Дыбыс – сөздің материалы. Тілдегі сөйлеудің ең кіші бөлшегі - сөз болып табылады. Қазіргі қазақ жазуындағы әрбір әріптің өзінше пішіні формасы бар. Сөз ішінде әрбір әріптің екінші әріптен жігі көрініп тұрады. Әріп кейде жеке дыбысқа сәйкес келсе, кейде бір әріп – бірнеше дыбыстардан (ю, я) құралады.

Өздеріңізге мәлім, қазақ тілінде 37 дыбыс бар, бұлардың бәрі белгілі бір жүйе болып қалыптасқан.

Бұл дыбыстар іштей екі топқа (жүйеге) бөлінеді:

- 1) дауысты дыбыстар тобы немесе жүйесі — оның құрамында 12 дыбыс бар;
- 2) дауыссыз дыбыстар тобы — оның құрамында 25 дауыссыз дыбыс бар.

Дауысты және дауыссыз дыбыстарды жүйе тұрғысынан қарағанда:

- 1) қазақ тілінде айтылатын сөздердің бәрінде кездеседі, соларға жамылғы болып тұрады;
- 2) сөйлеу мүшелерінде әр дыбыстың жасалу орны, әрқайсысының айтылу және құлаққа естілу әуені бар;

3) әрбір дыбыс белгілі бір сапалық ерекшелігімен екінші дыбыстан ажыратылып, оған қарама-қарсылықта айтылады, демек, а дыбысын ә не ы дыбысынан ажырататынымыз сияқты, б дыбысын п, т, к, дыбыстарынан ажырата аламыз, жеке айтылса да, сөз ішінде келсе де, біздің құлағымыз, яғни есту қабілетіміз оларды бір-біріне шатастырмайды;

4) сөз ішінде дыбыстардың бір-бірімен тіркесу заңдылығы қалыптасқан. Мысалы:

а) к, г, дыбыстары байырғы сөздерде жуан дауысты дыбыстармен тіркесіп айтылмайтыны сияқты қ, ғ дыбыстары, керісінше, жіңішке дауыстылармен тіркеспейді;

ә) байырғы сөздер екі дауыссыз тіркесінен басталмайды;

б) көп буынды сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылады, бұларға жалғанған қосымшалар да не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке түрде қосылады.

Дыбыстарды дұрыс айту балада негізінен 5 жасқа дейін қалыптасады. Сондықтан да ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтуға тәрбиелеу мектепке дейінгі кезеңде аяқталу керек. Дыбыс сөздегі мағыналық бірлік – фонема болғандықтан, балаларды дұрыс дыбыстауға тәрбиелеу жұмысы тілін дамыту жұмысымен ажырамастай байланыста жүргізіледі. Дыбыстау мәдениетін тәрбиелеу мәселесін дұрыс шешу үшін мектепке дейінгі кезеңде дыбысты дұрыс айтуды меңгерудің анатомо-физиологиялық және психологиялық алғышарттарын қарастырудың маңызы зор. Сөйлеу орталық және перифериялық органдардан тұратын күрделі анатомо-физиологиялық аппараттың қызметімен іске асады. Барлық сөйлеу мүшелері мидың басқаруымен тығыз байланысты және өзара әсер етеді. Дыбысты айту үдерісі тыныс алу мен сөйлеу аппараты қызметінің негізінде іске асатыны белгілі. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі кезеңде дыбыстарды таза айтуды меңгерудің басты алғышарты тілдің дыбыстық жағын ерекше қабылдағыштығы және балалардың тіл дыбыстары мен оларды меңгеруге ұмтылысымен бірге есту анализаторы мен фонематикалық естуінің сәйкесті дамуы болып табылады. Сөйлеуді қалыптастырудың басты алғышарттарының бірі баланың еліктеуге қабілеттілігі. Тілдің фонетикалық жағын бала айналасындағы үлкендердің сөзін қайталау арқылы меңгереді. Көптеген зерттеушілер баланың тілдік еліктеушілігін атап айтқан.

Сонымен, мектепке дейінгі кезеңде тілдің дыбыстық жағын жақсы меңгерудің барлық алғышарттары бар. Оған ми қабығының, сөзді фонематикалық қабылдауының, сөйлеу аппаратының сәйкесті дамуын жатқызуға болады. Сөздің дыбыстық құрамын меңгеруіне мектепке дейінгі жастағы баланың жүйке жүйесінің жоғары созылмалылығы (пластикалылығы), тым еліктегіштігі, тілдің дыбыстық жағын ерекше қабылдағыштығы, баланың тіл дыбыстарына сүйіспеншілігі сияқты ерекшеліктері мүмкіндік жасайды. Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, мектепке дейінгі жас ана тілінің барлық дыбыстарының толық қалыптасуына өте ыңғайлы. Бес жасқа қарай ана тілінің барлық дыбыстарын айтуды меңгеру, балалардың тілін дамытуды дұрыс ұйымдастырғанда ғана мүмкін болады.

Дыбыс адамзаттың табиғатындағы маңызды құрамы болып саналады. Дыбыстан сөз құралып, байланыстырып сөйлеу пайда болады. Сондықтан дыбыстың дұрыс айтылуы сөйлеу тілінің түсініктілігі мен сапасына тікелей әсер етеді. Дұрыс сөйлеу, дыбыстарды анық айту, дұрыс артикуляция баланың жеке басының қалыпты дамуы, оның әлеуметтік бейімделуі және басқа адамдармен - ересектермен және құрбыластарымен ыңғайлы қарым-қатынасы үшін өте қажет. Сөйлеу функциясының қалыптасуы нәрестенің туған кездегі алғашқы айқайынан басталады, бүкіл мектепке дейінгі кезеңде жалғасады және жиі ауытқулармен бірге жүреді. Кейбір дыбыстар балаға ұнамайды, ол оларды ыңғайлырақ айтумен ауыстыруға, өткізіп жіберуге немесе бұрмалауға тырысады. Дыбыс айтудағы бұзылыстар әрі қарай жазбаша сөйлеу бұзылыстарына ұласуы және психологиялық тежелістерге алып келуі мүмкін. Бұған жол бермеу үшін патологиялық өзгерістерді уақытында диагностикалау және оларды жою қажет.

Бала ана тілін оның жүйесінің элементтерін белгілі бір реттілікпен үйрене отырып, бірте-бірте меңгереді. Сонымен бірге сөйлеудің дамуына оның айналасындағы үлкендердің сөйлеуі, нәрестенің сөйлесу тәжірибесі және сөйлеу ортасы, білімі мен тәрбие ерекшеліктері де әсер етеді. Сөйлеудің барлық мүмкіндіктерін меңгерудің өзі іздену, бақылау, салыстыру, қарым-қатынас орнату, естігенді жалпылау процесі болып табылады. Бұл кезде бала өзінің барлық сезім құралдарын - көру, есту, дәм, иіс, сипап, сөйлеуді белсенді түрде пайдаланады. Баланың дыбыстарды дұрыс айтпауы ана тілін меңнеруде қиындықтар туғызуы мүмкін, яғни дислалияға алып келеді. Дислалия дегеніміз есту қабілеті дұрыс және сөйлеу аппаратының иннервациясы сақталған қалпында сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуының бұзылуы.

Дыбыстардың бұзылуы мәселесін көптеген отандық және шет елдік ғалымдар зерттеген. Атап айтқанда, баланың сөйлеу тілінің ерекшелігі мен сөйлеу тілін тексеру және сөйлеу тілінің бұзылыстарын зерттеуге үлес қосқан отандық ғалымдар Ж.Т.Тасжүрекова, А.Д.Сейсенова, Т.Т.Аяпова, Б.Б.Баймұратова, Р.К.Аралбаева, А.Б.Бакраденова, К.М. Метербаева, К.К.Өмірбекова, Г.С.Оразаева, Г.Б.Ибатова, Г.Н.Тулесбиева, Г.Ж.Есенжолова [1-7] еңбектерінде зерттеген.

Ресейде балалардың сөйлеу тілінің дамуы мәселесімен Н.И. Жинкин, М.И.Лисина, А.В.Запарожец, Л.Г.Соловьева, Е.В.Дмитриева, В.В.Гербова, А.Г.Арушанова, А.Шахнарович, С.Н. Цейтлин [8-17] және т.б. айналысты.

Сонымен қатар, шетелдік зерттеушілер де бұл мәселені назардан тыс қалдырмады. Ядэшко В.И., Розенград-Пупко Г.И., У. Голдфарбтың ғылыми зерттеу жұмыстарында көрініс тапқан.

Сонымен, 2-4 жастағы балалардың сөйлеу онтогенезі барысында тіл жүйесінің қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктері мәселесі өзекті болып табылады. Себебі бұл жасты «сензитивті жас» деп атайды және бұл кезеңде сөйлеу тіліндегі бұзылыстар мен тежелістерді дер кезінде анықтап, түзету жұмыстарын жүргізу өте тиімді болып саналады.

Қазақ балаларының сөйлеу тілінің дамуын зерттеу проблемасының өзектілігі, ең алдымен, осы уақытқа дейін республикада бұл бағытта зерттеулер жеткіліксіз жүргізілгендігімен анықталады.

Қазіргі кездегі мектеп жасына дейінгі, атап айтқанда 2 мен 4 жас аралығындағы балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыста қолданылатын әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі өзекті болып отыр. Сонымен қатар аталмыш мәселе осы тақырыптың таңдалуына себеп болды. Логопедияның қазіргі заманғы теориясы мен практикасы үшін мәселенің өзектілігі және ғылыми дамудың жеткіліксіздігі, мектеп жасына дейінгі балалармен түзету жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік материалдардың болмауы зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды.

2. Дыбыстарды айтуында бұзылыстары бар балалардың клиникалық-педагогикалық сипаттамасы

Дыбыстарды айтуында бұзылыстары бар балалардың клиникалық-педагогикалық сипаттамасы

Ерте жаста туылғаннан бастап екі жасқа дейін балаларға дыбыс айту бұзылысы деп анықтамай, сөйлеу тілінің дамуының кешеуілдеуі деп қарастырады. Сөйлеу дамуының кешігуі - ерте және орта сөйлеу онтогенезі кезеңіндегі балалардың ана тілі нормаларын дамытудың баяу қарқынын көрсететін ұғым. Темптің артта қалуы сөйлеудің барлық компоненттерінің қалыптасуына қатысты: ерте онтогенез дыбыстары, лексика мен грамматика, фразалық және байланыстырылған сөйлеу. Сөйлеудің дамуы ойлаумен тығыз байланысты. Баланың уақытында қалыптаспаған сөйлеуі оның интеллектуалдық дамуына кері әсер етуі мүмкін. Сөйлемейтін немесе нашар сөйлейтін балаларда ақыл-ой дамуының артта қалуымен бірге интеллектуалды дамудың кешігуі жиі байқалады. Сонымен қатар, сөйлемейтін балалардың басқа адамдармен қарым-қатынасы қиынға соғады, соның салдарынан олар балалар ортасына бейімделмейді. Сөйлеудің кеш дамуы биологиялық және әлеуметтік себептерге байланысты болуы мүмкін. Сөйлеуді дамытудың кешігуінің биологиялық (органикалық) негізі көбінесе перинаталды мидың зақымдануынан (перинаталдық энцефалопатия) туындаған балада мидың минималды дисфункциясының болуы болып табылады. Сөйлеу дамуының кешігуі баланың есту қабілетінің жоғалуымен байланысты болуы мүмкін. Сөйлеу функциясының қалыптасуы мен дамуы есту анализаторының тікелей қатысуымен, яғни бала естіген ақпарат негізінде жүзеге асатыны белгілі, сондықтан есту қабілетінің бұзылуы сөйлеу дамуының тежелуіне де себеп болуы мүмкін. Сөйлеуді дамытудың кешігуінің әлеуметтік-педагогикалық алғышарттары қолайсыз микроәлеуметтік ортада жатыр, бұл сөйлеу контактілерінің тапшылығына әкеледі: сөйлеуге сұраныстың болмауы (отбасындағы қарым-қатынас мәдениетінің дамымауы), жиі ауыратын балалардағы «госпитализм синдромы»; педагогикалық немқұрайлылық. Қостілділік, қолайсыз сөйлеу ортасы және эмоционалды күйзеліс баланың сөйлеуінің даму қарқынына теріс әсер етуі мүмкін. Екінші жағынан, баланың сөйлеу функциясының қалыптасуына тек психоәлеуметтік депривация ғана емес, сонымен қатар шектен тыс қорғаныс тежегіш әсер етуі мүмкін: мұндай жағдайларда ауызша коммуникация да талап етілмеген күйінде қалады, өйткені қоршаған ересектер оның тәуелсіз сөйлеуін ынталандырмай, баланың барлық тілектерін болдырмайды. белсенділік. Кішкентай баланың шамадан тыс ақпарат ағынымен бетпе-бет келетін тым ақпараттандырылған ортада болуы өте зиянды, бұл да баланың жасына сәйкес келмейді. Бұл жағдайда бала сөзді тыңдамауға, сөздің мағынасын түсінбеуге дағдыланады; шынайы сөйлеудің дамуына қатысы жоқ ұзақ, таптаурын тіркестерді айтады. Логопедиялық тексеру барысы

анамнестикалық мәліметтерді және медициналық мамандардың қорытындыларын, балалардың моторикасын, сөйлеу аппаратының күйін, есту және көрнекі индикативті реакцияларды, баланың коммуникативті әрекетінің ерекшеліктерін зерттеуді қамтиды. 1 жасқа дейінгі балаларда табиғи және түрлі жағдайларда дауыс және сөйлеу алдындағы белсенділік бақыланады. Сөздер бар болса, олардың пайда болу уақыты, белсенді және енжар сөздік қорының көлемі, баланың жалпы сөйлеу әрекеті, фразалық және байланысқан сөйлеудің болуы және т.б. анықталады.

Сөйлеу онтогенезінің әртүрлі кезеңдеріндегі сөйлеу дамуының кешігу белгілері мыналар болуы мүмкін:

- сөйлеуге дейінгі кезеңнің қалыптан тыс ағымы;
- 1 жастағы балада дыбысқа, сөйлеуге реакцияның болмауы;
- 1,5 жастағы балада бөтен сөздерді (эхолалия) қайталаудың белсенді емес әрекеттері;
- 1,5-2 жыл ішінде қарапайым тапсырманы естіп орындай алмау;
- 2 жаста сөздердің болмауы;
- 2,5-3 жас аралығындағы сөздерді қарапайым сөз тіркестеріне біріктіре алмау;
- 3 жасында өз сөзінің толық болмауы (бала сөйлеуде тек кітаптардан, мультфильмдерден және т. б. жатталған сөз тіркестерін қолданады);
- баланың сөздік емес байланыс құралдарын қолдануы (мимика, жест-ишара) және т. б.

2-3 жастағы балалардың сөйлеуінің даму ерекшеліктері

- Сөздік қор. Баланың енжар және белсенді сөздік қоры тез толығы басыайды. Бала зат есімдер мен етістіктерден басқа сын есімдерді, үстеулерді, көсемшелерді, есімдіктерді көбірек қолданады. Өмірдің үшінші жылында нәресте қарапайым ертегілерді, әңгімелерді қуана тыңдайды және қабылдайды, қарапайым ауызша нұсқауларды оңай орындайды.

- Фразалық сөйлеуі. Сарапшылар бірауыздан 2 жасқа дейін нәресте фразалық сөйлеуді қалыптастыруы керек екенін айтады. Сөз тіркестері әрқашан анық емес және екі сөзден тұрады, көбінесе былдырлайды. Мысалы: «МАМА», су (ана, мен шөлдедім), «дала, барам» (серуендеп қайтайық). Ең бастысы, сөз тіркесі (сөйлем) пайда болды. Үш жастағы балалардың сөйлемдері күрделі бола бастайды, «себебі», «немесе» сияқты жалғауларды қолданады. Олар сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс пайдалана алмайды, алайда біртіндеп түзеле бастайды [1,2].

- Дыбыстардың айтылуы. Өмірдің үшінші жылындағы баланың сөйлеуінде [с’], [л’], [й’] және [г,ғ], [х], [к, қ], [м], [п], [б], [н], [в], [ф], [д], [т] дыбыстары анық әрі дұрыс айтыла бастайды. Дегенмен, көптеген дыбыстардың айтылуы әлі де жетілмеген, бұл жас кезеңде балалардың сөйлеуіне тән, өйткені тіл мен ерін бұлшықеттерінің қозғалғыштығы әлі де

жеткілікті түрде дамымаған. Бала көптеген қиын дыбыстарды айтуды жеңіл дыбыстармен ауыстырады. Көп жағдайда ысқырық және ызың дыбыстарының орнын ауыстырып қолдануы мүмкін. Мысалы, «күшік-күсік, аш-ас, шаш-сас және т.б.».

- 3-4 жастағы балалардың сөйлеуін дамуы.

• Төртінші жыл – «неге» жасы. Балалар үнемі ересектерге назар аударуға болмайтын сұрақтар қояды. «Неге?», «неге?», «қалай?» дегеннің бәріне шыдамдылықпен және оңай жауап беру керек. Бұл кезеңде баланың тілге деген ең үлкен сезімталдығы ашылады.

• Төртінші жылдағы бала ысқырық [с], [з] және [ц] дыбыстарын дұрыс айтады. Бұл жаста ол [ш], [ж], [ч], [щ] ызың дыбыстарын әрдайым дұрыс айта алмайды және жиі оларды ысқырықпен ауыстырады [с], [з], [ц]. Сөздің буындық құрамы. Кейбір сөздерде бала дыбыстарды ғана емес, тұтас буындарды да өткізіп жібереді немесе қайта реттейді, мысалы, «асқабақ-қасқабақ, тасбақа-бақа тас» және т.б [3,4,5].

• Сөздік қор. Төрт жасқа келгенде баланың белсенді сөздік қоры екі есеге жуық артады және шамамен 2000 сөзге жетеді. Оның сөзінде зат есім мен етістіктен басқа есімдік (менікі, сенікі, біздікі), үстеу (суық, дәмді), сан есімдер (бір, екі) жиі кездеседі. Егер бұрын бала тек қана сапалық сын есімдерді (жұмсақ, жылы) қолданса, енді септік жалғауларын да қолданады (ағайдың қалпағы, мысық құйрығы).

• Сөйлемнің грамматикалық құрылымы әлі де қалыптасуда, сондықтан сөйлемде жалғауларды, жұрнақтарды дұрыс қолдана бермейді.

• М.А. Васильева, В.В. Гербова және Т.С. Комаровалар өз жұмыстарында мектепке дейінгі жастағы, әсіресе 2-4 жас аралығындағы балалардың сөйлеу тілінің даму барысын сипаттай отырып, дыбыстардың шығу нормаларына тоқтап өткен. Олардың ойынша осы шақта баланың сөздік қоры артып, байланыстырып сөйлеуі дами бастайды [5].

• Т.А. Фотекова өзінің бала тілін тексеру методикасында бірнеше бағыт бойынша тексеруге кеңес берген. Олар: Сөйлеудің сенсомоторлық деңгейін зерттеу: - фонематикалық қабылдауды тексеру; - артикуляциялық моториканың күйін зерттеу; - дыбыстың айтылуын зерттеу; Сөйлеудің грамматикалық құрылымын зерттеу. Сөздік және сөзжасам дағдыларын меңгеруін тексеру. Байланыстырып сөйлеуді зерттеу [6].

• Ю.А.Разенкова 2 және 3 жастағы баланы логопедиялық тексерудің негізгі бағыттарын ұсына отырып, логопедиялық тексеру әдісін ұсынған. Ұсынылған логопедиялық тексеру әдісі балалардың қалыпты сөйлеуін жүйелі дамыту схемасына негізделген. Келесі авторлардың еңбегі негізінде жасалған: Н.С. Жукова кітабының өзекті материалдары, А.Н. Гвоздев «Балалар сөйлеуін зерттеу мәселелері» (1961), сонымен қатар К.Л. Печора және Г.В.

Пантюхина (1979) «Өмірдің 2 және 3 жасындағы балалардың жүйке-психикалық дамуының диагностикасы» [7].

- Сөйлеу тілінің фонетикалық бұзылыстары - бұл физикалық және фонематикалық есту қабілетінің және сөйлеу аппаратының қалыпты жағдайында дыбыс айтылуының бұзылуы. Көбіне ызың, ысқырық және сонорлы дыбыстар бұзылады.

- Фонетикалық сөйлеу тілінің бұзылысы бар бала көбінесе дыбыстардың бір тобын айта алмайды, мысалы, тек ысқырған дыбыстарды немесе тек тілдің артқы жағымен айтылатын дыбыстар. Дыбыстардың айтылуының мұндай бұзылуы қарапайым (жартылай) немесе мономорфты деп аталады. Ал кейбір балаларда бір мезгілде екі немесе одан да көп дыбыстар тобы бұзылуы да мүмкін. Дыбыстардың айтылуының мұндай бұзылуы күрделі (диффузиялық) немесе полиморфтық деп аталады.

- Сөйлеудің фонетикалық жағының бұзылу түрлері:

- Дислалия - бұл дыбыстардың болмауымен, алмастырылуымен немесе бұрмалануымен сипатталады. Қалыпты есту қабілеті бар балаларда кездеседі.

- Дизартрия. Сөйлеудің айтылу жағының бұзылуы. Дыбыстардың айтылуы, интонациясы, сөйлеу тынысы бұзылуы.

- Дауыс бұзылыстары. Дауыс жасаушы мүшелердің патологиялық жағдайына байланысты пайда болатын бас қызметінің әртүрлі бұзылыстары. Дауыс күші, тембрі және ауытқулар болуы мүмкін.

- Ринолалия. Бұл сөйлеу аппаратының құрылымы мен жұмысындағы ақауларға байланысты пайда болатын дауыстың қалыптасуы мен артикуляциясының бұзылуы. Мұндай сөйлеу бұзылысы бар балаларда дыбыстар қатты бұзылады, дауыссыз және дауысты дыбыстар мұрын арқылы айтылады. Сонымен қатар, жазу да бұзылуы мүмкін, сөйлеудің лексикалық және грамматикалық жағы дамымайды [6].

- Фонетикалық бұзылулар жасқа байланысты болуы да мүмкін. Яғни ерте жастағы балалардың дыбыстарды айтып үйренуі кешеуілдеп, фонетикалық бұзылыс ретінде көрініс табады.

- Фонетикалық сөйлеу тілі бұзылған мұндай балалар оқу барысында қиындықтарға кездеседі. Оқу және жазуда өрескел қателер жібереді (белгілі әріптерді басқалармен ауыстыру), бұл олардың балабақшада, содан кейін мектепте нашар үлгерімінің себебі болып табылады.

Ерте жастағы балалардың фонетикалық бұзылыстарының ерекшеліктері.

Ерте жас – бұл жаста баланың сөйлеу тілі де қарқынды дамиды. Жас сәбидің ата-анасымен арасындағы қарым-қатынасы баланың жалпы психикалық дамуының маңызды факторларының бірі. Бала ересек адаммен қатынаста ғана адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибесін меңгере алады. Өмірінің алғашқы үш жылы баланың сөйлеу тілінің дамуының шешуші кезеңі болып табылады, балалар бұл кезде жиі жағдайда үйде тәрбиеленеді. Бала дүниеге келген кезінен бастап-ақ дыбыстарға құлақ салады, анасы мен әкесінің еріндерінің қозғалысын бақылайды, таныс дауыстарды тани бастайды. Өмірінің алғашқы 12 күндерінен бастап сөйлеу тілінің дыбыстарын өздеріне сіңіреді, сөздерді жинайды және жинақтайды. Бала осылайша кейіннен белсенді түрде пайдалана бастайтын өзінің енжар сөздігін дамыта бастайды.

Сөйлеу тілінің қалыптасу кезеңдері баланың сөйлеу тілі және интеллектуалдық тұрғыдан дұрыс дамуында маңызды шарттар. Қалыпты жағдайдағы сөйлеу тілінің құрылымдық бірліктері баланың жас шамасына қарай төмендегідей кезекке салынды:

Кезеңдері	сипаттама
Інгәләу	өздігінен басталып, 2 айға дейін болады, бұл кезеңде нәресте дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап жылау кезіндегі дыбыстар туындайды
Әгулеу	өздігінен туындамайды, баланың айналасындағылармен қатынасқа түсуіне байланысты пайда болады, нәресте өз бетінше не біреуден кейін дауыссыз дыбыстар басым буындарды айтады, 2 айдан 5-7 ай аралығын қамтиды
Уілдеу	6 айдан 1 жасқа дейін болады, дауыссыз дыбыстармен қатар дауысты дыбыстарды әуендете айтады
Былдырлау	түрлі дыбыстардың, еліктеуден шыққан бастапқы сөзге ұқсас бірлік, 4 айдан кейбірде 1 жастан асқанша болуы мүмкін
Сөздер	11-12 айда пайда болады

Сөз тіркестері	1 жас 7 айдан бастап 2 жастан асқанша екі-үш буынды сөздерден кейін пайда болатын бірліктер
Сөйлемдер	1 жас 6 айдан бір не екі құрамды түрлері белгілі бір жағдайға байланысты туындайды, 2 жасқа таман үш және одан көп бірліктермен сипатталады

Бала өмірінің бірінші жылында айналасындағы адамдармен қарым- қатынастың кем дегенде екі түрін ауыстырады. 2 айға таман онда жақын ересек адамдарымен жағдаяттық-жеке тұлғалық қатынас қалыптасады. Оның белгілері:

- қарым-қатынас баланың әлеммен басқа қатынастарының бәріне қарғанда жетекші орында тұрады;
- балалардың қарым-қатынасқа қажеттілігінің мазмұны ересек адамдардың оларға қатысты мейірімді көңіліне деген қажеттіліктен байқалады;
- қарым-қатынастардың туындауына қатысты ең басты себепке жеке тұлғалық себеп жатады;
- сәбилердің қимыл мен қалыптардың мәнерлі (экспрессивтікмимикалық) санаттары айналасындағы адамдармен қарым-қатынастағы негізгі құралы болып қызмет етеді.

Баланың ең алғашқы рет шығаратын дыбысы – оның туылған кездегі алғашқы айғайы. Бұның сөйлеу тіліне ешқандай қатысы жоқ, алайда ол дауыс аппаратының рефлексі болып табылады.

Сөйлеу тілін меңгеруге дайындық 2-4 айдағы жеке дыбыстарды айту жаттығуларынан басталады. Бала таңдай арты және дауысты: аиы, оиу дыбыстарын айта бастайды.

Баланың алты айындағы вокализациясының кейбір жағдайларда сөздермен ұқсастықтары болуы да мүмкін, бұл сөйлеу тіліне дайындық болып табылады. Сөйлеу тілінің алдындағы вокализация жиі жағдайда баланың затпен әрекетіне ілеседі және заттық әрекеттердің дауыстық сүйемелдеуі болып қызмет атқарады. Бірақ бала жиі жағдайда вокализацияны айналасындағы адамдармен қатынас үшін де пайдаланады.

Бала вокализацияның көмегімен ересек адамдардың зейінін өзіне аударады, оларды жанында ұстап тұруға тырысады, сонымен бірге дыбыстардың көмегімен өзіне жайлы екенін немесе жайсыздықты сезінуін хабарлайды. Сонымен бала өмірінің бірінші жылында ересек адамдардың сөздерін белсенді түрде тыңдайды, ал ересек серіктестіктеріне жауап ретінде және айналасындағы адамдарды шақыру үшін сөйлеу тілінің алдындағы вокализацияны пайдаланады.

Бала өзінің сөйлеу тілінің пайда болғанына дейін 50-ден 100-ге дейінгі сөздердің мағынасын түсінеді.

Бала шамамен 8 айында өзі естіген дыбыстарға еліктей бастайды. Осыларға қарап, сөйлеу тіліне дейінгі кезеңнің өзінде балада айналасындағы ересек адамдардың сөйлеу тілінің дыбыстарына деген ерекше қатынас қалыптаса бастайды. Ол сөйлеу тіліне жатпайтын басқа дыбыстардың ішінен сөйлеу тілі дыбыстарын ерекшелеуімен және сөйлеу тілін қабылдаудағы эмоциялық сезімнің жоғарылауымен сипатталады.

Ересек адамның 6 айдағы балаға сөйлеу тілдік әсер етуі оларда бірнеше секундтан кейін қатты қуанышқа ауысатын бағдарлаудың күшті реакциясын тудырады.

4-5 айға дейін ересек адамның балаға айтқан сөзі балада күшті және ұзаққа созылатын «жандану кешенін» (қуанғаны, жымиғаны, көз жанарын тоқтатуы, қимыл-қозғалыс жасауы және дыбыс шығаруы) шақырады. Ересек адамның сөйлеу тілдік әсері бір жасқа дейінгі балада сан алуан дыбыстардан тұратын жауап реакциясын тудырады. Сонымен, балалар өмірінің алғашқы айларында-ақ дыбыстық тітіркендіргіштердің арасынан айналасындағы адамдардың сөйлеу тілдік әсерін анықтай және бекіте бастайды.

Бір жастың соңында балаларда сол сөйлеу тілдік дыбыстардың өзін тереңдете талдау (әр түрлі тембрлік және тональдық екі параметр ерекшеленеді) байқалады. Бір жасқа аяқ басқан бала ересек адаммен күрделі қарым-қатынасқа көшеді. Осы өзара қатынастың барысында балада ересек адаммен өзара түсіністікті қамтамасыз ететін коммуникативтік жаңа құралдарға деген қажеттілік пайда болады. Қарым-қатынастың бұндай құралына сөйлеу тілі жатады, алдымен енжар (түсіну), содан кейін белсенді (баланың өзінің айтуы) сөйлеу тілі пайда болады.

Баланың ересек адаммен бастапқы эмоциялық байланысы оның өмірге келген сәтінен бастап-ақ туындап, 2 айға таман негізгі мазмұнына өзара қанағаттандырыллық сезімдерін алмасатын күрделі әрекетке айналады.

Коммуникативтік белгілер ретінде дауыстық дыбыстарды қолдану баланы сөйлеу тілін меңгеруге ынталандырады. Егер балаға коммуникативтік ақпарат тасушы ретіндегі дауыстық белгі берілмесе, онда ол осы дыбыстағы қарым-қатынастық әрекет үшін қажетті мүмкіндіктерді өздігінен аша алмайды. Сөйлеу тілінің естілуінің қалыпты мөлшері төмендегенде, балалардың сөйлеу тілдік дамуын тежейтін сөйлеу тілдік сенсорлық депривация жағдайы туындайды. Сонымен, баланың ересек адамдармен дауыстық қарым-қатынастары сөйлеу тілдік қызметтің қалыптасуына жағымды әсер етеді. Бірақ бала үшін өздерінің белсенді айтылымдарын құрастыру және қоршаған адамдардың сөйлеу тілін түсіну маңызды болатын ересек адамдармен қарым-қатынасты іске асыру үдерісінде ғана балалардың еститін ересектердің сөйлеу тілі олардың сөйлеу тілінің дамуына жағымды әсер етеді.

Туылғаннан үш айға дейінгі кезең. Бала туылған сәттен бастап ересек адаммен қарым-қатынасқа түсе алатын қабілеті болады. Ол да біз сияқты көзқарас, жымыс, дыбыстар мен мимиканы пайдаланады. Егер баланың анасы қарым-қатынасқа түсуде енжар болып, баланың талпынысына жауап бермесе, онда баланың жалпы дамуы мен сөйлеу тілінің дамуына жағымсыз әсер етеді. Қатынас орнатып, бір-біріңізге көз тоқтатып, жымыған кезде «сөйлесуді» бастау керек. Баланың көзіне қарай отырып, белгілі бір интонациямен «а» немесе «е» дауысты дыбыстарын айту. Содан кейін үндемей, ишаратпен немесе басты изеп, баланы сөзге тарту. Егер бала қандай да бір дыбыс шығарса, соны дәл сондай етіп қайталап, баланың сөйлесуді «жалғастырғанын» күту жөн.

- Егер бала кереуетте жалғыз өзі жатып, уілдегенін естісеңіз, онда оған еңкейіп, көзбен қарым-қатынасқа түсіп, оған еліктей бастаңыз. Бала өзінің уілдегенін ересек адамның байқағанын сезгенде, ол одан әрі уілдей түседі.

- Баланың шығарған дыбыстарына еліктегенде, бала ересектің аузы мен ернінің қимылын анық көретіндей болу керек. Бұл шығарған дыбыстың қалай «көрінетіні» туралы түсініктің қалыптасуына көмектеседі. Ары қарай оған дауысқа еліктеу жеңіл болады, сонымен «сөйлеуге» үйрене бастайды.

- Сөйлеу тілінің дамуының ең маңызды уәжі – ол дыбыс шығару арқылы көмек сұрай алатынын түсінуі. Балада бұл білім егер анасы оның шақыруына жауап берген жағдайда ғана қалыптасады.

- Бала қарны ашқанда, іші ауырғанда, өз қажеттілігін жеткізуде әр түрлі дауыспен айғайлайды. Бұл айғайларды ажыратуға үйренгенде, балаға не керек екенін бірден түсінетін боласыз.

- Адамның дауысына деген қызығушылық балаға туа біткен қасиет. Бұл қызығушылықты қолдау үшін баламен анық, мәнерлі, интонацияны, дауыс ырғағын, қаттылығын өзгерте отырып сөйлесу.

- Баланың қалай еметініне назар аудару. Егер ол белсенді сорып, бір емгенде тоятындай болса, онда ол оның тілі мен ернінің қимылының белсенділігін білдіреді. Бұндай бала сөйлеу тілінің дыбыстарын ерте және дұрыс айта бастайды.

Үш айға дейінгі баланың сөйлеу тілдік дағдылары

Бір ай: 1. дыбысқа әсері бар, қолы мен аяғын ербендетеді немесе керісінше тыныштала қалады; 2. асты су болғанда, қарны ашқанды, іші ауырғанда айғайлайды.

Екі ай: 1. анасының дауысын таниды; 2. онымен сөйлескенде немесе оған өлең айтқанда, дыбыс шығарады.

Үш ай: 1. өзінің есімін естігенде немесе жағымды дауыспен басқа сөзді айтқанда жымияды; 2. өзінің эмоциясын білдіру үшін дауысты пайдаланады.

Төрт айдан бес айға дейінгі кезеңде ол анасын және басқа да жақын адамдарын ажырата алады, аналарының қолында отырған басқа балаларға да зейін қойып қарай бастайды.

- Анық, қарапайым сөз тіркестерін пайдаланып, интонациямен сөйлеуге үйрену. Бұл өте маңызды, онсыз балаға сөйлеп үйрену қиын болады.

- Балаға жақын келгенде, оны есімін айтып шақыру.

Баланың үілдеп жатқанын (жеке дауысты дыбыстар, дыбыстардың үйлесуі: «аиы», «оиу», «угу», «ыги» және т.б.) ести салысымен баланың айтқанын қайталай бастаған жөн.

Төрт ай: 1. оны шақырғанда, бұрылады; 2. «ғы», «еғы» «ыхы» ұқсас дыбыстарды шығарып үілдейді. Оған еліктеген анасымен осылайша сөйлеседі.

Бес ай: 1. шыққан дыбысты ести салысымен, дыбыс шыққан жерге қарай бұрылады; 2. «өлең айта» бастайды, дауысты дыбыстарды созып, әндетеді. Алты ай: 1. өзінің есімін ести салысымен, әрекетін, ойнын тоқтата қояды; 2. «м-м-м» деп айта бастайды.

Жеті айдан тоғыз айға дейінгі кезең • Дамудың бұл кезеңіндегі бала «ересек», ол өзінің, басқалардың тәртібін басқару үшін дыбыстар мен ишараттарды пайдаланады. Өзінің эмоциясын дыбыстармен білдіреді, ересек адам да оған әсер ету үшін сөз бен ишаратты пайдаланады.

Жеті ай: 1. оны ұрысқанды түсінеді; 2. қандай да бір буынды («ма», «ба», «тя») бірнеше рет қайталай отырып, былдырлайды.

Сегіз ай: 1. «болмайды» дегенде, істеп отырған әрекетін тоқтатады; 2. ересек адаммен ойнағанда, оның артынан өзі былдырлайтын буындарды қайталайды.

Тоғыз ай: 1. «кел маған» сөзіне қолын созады; 2. жөтелген, мөңіреген, мияулаған және басқа да дыбыстарға еліктейді.

Он айдан он екі айға дейінгі кезең. Бұл кезеңнің соңында бала жақсы қимылдайды, өзінің бағдары мен әрекетін табандылықпен меңгере бастайды. Бала икемділіктерінің басым бөлігін ересек адамдарға еліктеу арқылы меңгереді. Ересек адамның айтқанының басым көпшілігін түсінеді, өзінің қалауы мен талаптары туралы хабарлай біледі.

- Бала өзі естіген буындарды немесе қарапайым сөздерді қайталай алады. Алайда олар тек қысқа сөздер мен балалар айта алатын дауысты және дыбыстарға ғана қатысты болады.

Он ай: 1. онымен қоштасқанды түсінеді; 2. бір сөзді анық айтады.

Он бір ай: 1. таныс заттардың атауларын түсінеді; 2. сөздерді қайталауға тырысады.

Он екі ай: 1. өтінгенде алақанын шапалақтайды; 2. өз тілінде «сөйлейді», мағынасыз буындар дәйектілігін қайталайды.

Бір жастан екі жасқа дейінгі кезең. Бір жасқа толған бала – өте белсенді, барлық нәрсеге әуестенетін, қызығатын, жеке дербес кішкентай адам. Ол ұстауға болатын, болмайтын барлық затқа қол жеткізуге, оны ұстауға ұмтылады. Сондықтан баланың дамуы үшін қажетті ақпаратты алу мүмкіндігін тудыру мен баланың қауіпсіздігін сақтауды бірдей алып жүру үшін, «қара, ұста,

істе» және «болмайды» сөздерінің арасындағы теңгерімді сақтау қажет болады. Ойын балаға үй шаруасынан жағымды сезім алуға ғана емес, сондай-ақ ол тыйым сөздерді түсініп, ережелерге бағынуға үйренуге көмектеседі. Бала өзінің ана тілін естуге міндетті, алайда бала еліктеу бойынша үйренетіндіктен, ол бұрмаланбай, дұрыс айтылу керек. Сөйлеу тілі пайда болуы үшін оны қарым-қатынастың негізгі құралы ретінде пайдалану қажеттілігі болуға тиісті. Егер балада қандай да бір жағдайға байланысты бұндай қажеттілік болмаса, онда сөйлеу тілінің дамуы тежеледі немесе оның сөйлеу тілінде әр түрлі деңгейдегі бұзылыстар пайда болуы мүмкін.

Он екі айдан он бес айға дейін: таныс сөзді ересек адамның артынан қайталайды.

Он бес айдан он сегіз айға дейін: 10-20 сөзді айтады.

Он сегіз айдан екі жасқа дейін: өзінің есімін айтады.

Өмірінің алғашқы екі жылы баланың сөйлеу тілінің дамуының шешуші кезеңі болып табылады, балалар бұл кезеңде үй жағдайында тәрбиеленгендіктен мол тәжірибе жинақтап, сөйлеу дағдысын дамытып, сөйлеуге машықтанады. Бала осы кезеңде кейіннен белсенді түрде пайдалана бастайтын өзінің сөздігін дамыта бастайды.

Сөйлеу тілінің даму процесінде дыбыстар белгілі бір ретпен пайда болады, оны кестеде ұсынып отырмыз.

Қазақ тілі дыбыстарының пайда болу кезектілігі

Дыбыстар	Орташа пайда болу уақыты
{А}, {У}, {О}, {И}, {Ғ},	0-1ж
{Ә}, {Ы}, {Ө}	1-2 ж
{Б} {І}	1ж 17 күн
{М} {Ө}	1 ж 24 күн
{П}	1 ж 1 ай 6 күн
{Ж}	1ж 3 ай 4 күн
{Қ} {К}	1 ж 4 ай 20 күн
{ж}	1ж 5ай 12 күн
{Т}	1ж 10ай 17 күн
{Н}	1ж10ай 4 күн

{Д'}	1 ж 10 ай 25 күн
{Л'}	1ж 11ай 3 күн
{К'}	1ж 9ай 21 күн
{Ж'}	2ж 20 күн
{С'}	2ж 29 күн
{З'}	2ж 2ай 10 күн
{Т}	2ж 16 күн
{Д}	2ж 2ай 17 күн
{Н} {Н}	2ж 3ай 10 күн
{Х} {Һ}	2ж 2ай 6 күн
{Х'}	2ж 2ай 8 күн
{Б'}	2ж 2ай 20 күн
{М'}	2ж 4ай 1 күн
{П'}	2ж 5ай 16 күн
{В'} {В}	2ж 5ай 13 күн
{Ф'}	2ж 7ай 19 күн
{З} {Ү} {Ү}	2ж 7ай 17 күн
{С}	2ж 7ай 22 күн
{Л}	2ж 11ай 6 күн

Ерте жастағы балаларда дыбыстарды нормаға сәйкес уақытта меңгермеуі орын алады. Зерттеу барысында дыбысты мүлдем айтпауы, дыбысты алмастырып айту, дыбысты бұзып айту, дыбысты шатастырып айту кездесетінін байқадық.

Сәбилік кезеңде сөйлеу тіліне дейінгі дамудың тежелуі (1 жасқа дейінгі кезең) байқалады, яғни сөйлеу тілі нышандарының жас ерекшеліктерінің нормаларына сәйкес келмеген жағдайы.

Тежелудің бұл түрін белгілеу баланың психикалық дамуының онтогенезінде сөйлеу тіліне дейінгі кезеңнің болуы туралы тұжырымға негізделеді. Сөйлеу тіліне дейінгі тежелу сөйлеу тілінің барлық немесе кейбір алғашарттарының баяу қалыптасуымен түсіндіріледі. Бұл кезде сөйлеу тілінің дамуы онтогенездің барлық кезеңдерінен өтеді, бірақ баяу болады. Сөйлеу тілінің нышандары жеткіліксіз дамығандығын келесі белгілерден анықтауға болады: бала айғайы мен жылауы әлсіз, бір қалыпты, интонациясы мәнерлі емес, сонымен бірге гуілдеу мен былдырлауы толыққанды емес, сәби өзіне қарап сөйлеген адамдарға қызығушылық танытпайды, олардың сөйлегендеріне еліктемейді, қарым-қатынас орнату үшін дыбыстауды қолданбайды, жалпы айтқанда коммуникативті тұрғыдан енжарлығы байқалады. Сөйлеу тіліне дейінгі дамудың тежелісі болуы мүмкін балаларда сыртқы кейпін қарап-көру кезінде сөйлеу аппараты құрылымының немесе шайнау мен жұтынудың ауытқулары байқалмайды.

Артикуляция мүшелері қозғалысының бұзылуы да сөйлеу тіліне дейінгі дамудың тежелуіне әкеп соғады. Бұндай тежелістер сөйлеу аппараты иннервациясының бұзылуы салдарынан 1 жасқа дейінгі балалардың сөйлеу тілі нышандарының қалыптасуын 2-3 айдан артық уақытқа кешеуілдетеді. Ал осы тежелудің себебін дәрігер-невропатолог пен логопед бірлескен тексеру нәтижесінде анықтап, аңғарым қояды. Сөйлеу тіліне дейінгі даму тежелістерінің бұл түрі көбіне қимыл-қозғалыс бұзылыстарымен үйлесіп, балалар сал ауруы, тұншығу, туу кезінде зақымдану, нәрестенің гемолитикалық ауруы салдарынан орталық жүйке жүйесі перинаталды түрде зақымдалған балаларда байқалады. Артикуляция мүшелері қозғалысының бұзылуы себебінен сөйлеу тіліне дейінгі дамуы тежелген сәбилер бірқатар патологиялық ерекшеліктермен көзге түседі. Бет әлпеті бұлшық еттерінің парезі мен параличі кезінде келесі белгілер кешені байқалады: көз қиығының кеңеюі, аузының бір шеті төмен түсіп кетуі, жылаған кезде шекесіндегі терінің біркелкі болып жиырылмауы және аузының бір жаққа қарай қисаюуы т.с.с. Осының барлығы беттегі нервтің перифериялық зақымдануын дәлелдейді. Артикуляциялық аппаратты тексеру бала денесінің тыныштандырылған қалпындағы артикуляция мүшелері құрылымының ерекшелігі, тамақтану кезіндегі (ему, жұту т.б.) амалдар, бет әлпетінің әрекет етуі және дауыс пен дыбыс реакциялар барысында артикуляциялық аппаратының еріксіз қозғалысын бағалауды қамтиды. Бала қалай емеді, жұтады және осы үдерістер тыныс алумен қалай үйлесетіні бойынша жүйке жүйесінің қызметі туралы білуге болады.

Сөйлеу тілінің даму ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, сөйлеу тілі дамуының тежелуі анық көрінуі мүмкін уақытта балалардың сөйлеу тілі үілдеу мен былдырлау деңгейінде қалады. Ал сөйлеу тілінің тежелуінің жеңіл түрі болғанда, дыбыстарды айту жағы бұзылады. Осы жаста былдырлау, сөздер мен фразалар кеш пайда болады. Церебралды сал ауруы бар балаларда былдыр сөздер 2-3 жасқа таман пайда болады, фрагментілік және дыбыстар құрамының кедейлігімен сипатталады. Былдырлауында дауысты а, э дыбыстары және еріндік м, б дауыссыз

дыбыстарынан б жиі кездеседі, ал еріндік-тістік және орта мен артқы тілдік дауыссыз дабыстар сирек айтылады.

Зерттеу барысында жоғарыдағы айтылған сипаттамалармен қатар, төмендегі көріністерге куә болдық:

- Нәресте 6 айға дейін дыбыс шығармайды;
- 1 жасқа дейінгі ересектердің сөзіне жауап бермейді;
- Басқалардың сөзін қайталауға құштарлығы жоқ;
- Сілекейі көп бөлінеді, аузы жиі ашық;
- Қарым-қатынас жасауға деген құлшынысының болмауы;
- Бала тамақты ұзақ шайнайды;
- Түсініксіз сөз тіркестерін айтады;
- Қарым-қатынаста мимика мен ым-ишара қолданады.

Дыбыстарды айтуында бұзылыстары бар 4-6 жасар балалардың клиникалық-педагогикалық сипаттамасы

Сөйлеу тілі – маңызды, орталық функциялардың бірі, өзін-өзі растау және қоғамға кіру құралы, өйткені ол адамның эмоционалды жағдайын, ойлау операцияларын көрсетеді. Баланың психикалық процестерінің дамуына сөйлеу тілі айтарлықтай әсер етеді; ол сауаттылықты және барлық басқа пәндерді игерудің негізі болып табылады; сөйлеу тілі дамуының барлық кезеңдерінде және оның жалпы психологиялық және физикалық дамуында баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетін басқаруда үлкен рөл атқарады. Ойлаудың дамуы сөйлеудің дамуына байланысты, бұл адамдардың өзара қарым-қатынасының негізгі құралы.

Сөйлеу мәдениеті – тіл арқылы қарым-қатынасының шарттары мен айтылымның мақсатын ескере отырып, баяндалған мазмұнға сәйкес тілдің барлық құралдарын (дыбыстық құралдар, оның ішінде интонация, грамматикалық формалар, лексикалық қор) дұрыс қолдана білу.

Мектепке дейінгі жас – балалардың коммуникативтік және тілдік шығармашылығын дамыту үшін аса маңызды болып табылатын ерекше кезең.

Мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінің сәтті дамуы қазақ тілін кейіннен біртіндеп бастауышта, содан кейін орта мектепте біртіндеп оқытуды аса маңызды рөлге ие. Балаға өз ойын айту оңайырақ, сөйлеу тілі дұрыс және сөз қоры бай болған кезде оның мүмкіндіктері кеңірек болады, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас мағыналы және толыққанды, психикалық даму белсенді жүзеге асырылады.

Баланың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі бағалауының қалыптасуына тіл арқылы қарым-қатынастың толық еместігі мен сөз қорының аздығы да әсер етеді.

Мұндай балалар аз сөйлеуге тырысады немесе басқалардан оқшауланады. Сөйлеу қабілеті бұзылған баланың жеке басының дамуындағы ауытқулар өз кезегінде сөйлеу кемістігін күшейтеді. Нәтижесінде сөйлеу тілінің негізгі функцияларының бірі – коммуникативті қызметі бұзылады, бұл сөйлеу тілі дамуын одан әрі кешіктіреді. Балаларда теріс көзқарас, оқшаулану, өзіне деген сенімсіздік пайда болуы мүмкін. Сондықтан балалардың сөйлеу тілінің уақтылы қалыптасуына, оның дұрыстығы мен тазалығына қамқорлық жасау, ана тілінің жалпы қабылданған нормаларымен кез-келген сәйкессіздіктердің алдын алу және түзету маңызды.

Өкінішке орай, сөйлеу тілі дамуында ауытқулары бар мектеп жасына дейінгі балалардың саны жыл сайын артып келеді. Олардың ішінде көп бөлігі 4-5 жастағы балалар, осы мерзімде тілдің дыбыстық жағын игермеген. Бұл балалардың есту қабілеті мен ақыл-ойы жеткілікті болғанына қарамастан, олар фонематикалық қабылдаудың жеткіліксіз дамуына байланысты мектеп бағдарламасын игеруге дайын емес.

Г.И. Щукина, Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев және басқа ғалымдардың еңбектерінде мектепте сәтті оқыту бірнеше жағдайларға байланысты екендігі дәлелденген, мысалы, қызметтің сәттілігі мен жеке ерекшелігі тәуелді болатын жалпы қабілеттердің даму деңгейіне, сондай-ақ белгілі бір бағыттағы жеке қабілеттерге, оның ішінде коммуникативті қызмет [8,9,10,11].

Өз еңбектерінде Р.Е. Левина, Г.А. Каше дамуында ауытқулары бар балалардың сөйлеу тілі белсенділігі, сөйлеу функциясының бұзылған компоненттеріне уақтылы және тұлғаға бағытталған әсері, сондай-ақ, логопедиялық жұмыстың практикалық тәжірибесі сөйлеу тілі бұзылыстарын толығымен жоюға ғана емес, сонымен қатар, мектепке дейінгі балалық шақ кезінде сауат ашудың бастауларын игеру үшін ауызша-сөйлеу тілі негізін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігін дәлелдеді [12,13].

Әңгімелесу, ересек адаммен немесе құрдастарымен сөйлесу сияқты, балаға сыпайы болуды және әңгімеге бай болуды жоспарлайды. Балалардың тыңдау, сұраққа жауап беру және сұрақ қоюы, оған бағытталған сөйлеуді түсіну қабілеті, байланыстырып сөйлеу деңгейі баланың сөздік қорының жағдайына және тілдің грамматикалық құрылымын қаншалықты меңгергеніне байланысты.

Балаларда ауызша әңгімелерді есту білігі қалыптасады, бұрынғыдай көрсету мен бірге жүрмейді, оларды түсінеді, содан кейін тыңдағандарын айтуға тырысады. Сонымен қатар, баланың әңгімесі сөз тіркестерін құра білуге, оның мазмұнын, сөздік қорын композициялық түрде құруға көмектеседі. Байланыстырып сөйлеу тілі ойлауды, оның әртүрлі қасиеттерін қалыптастыруға

көмектеседі. Тілдің дыбыстық мәдениеті жалпы сөйлеу мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ол сөздердің дыбыстық өңделуінің және жалпы дыбысталған сөйлеудің барлық жақтарын қамтиды:

- дыбыстарды дұрыс айту;
- сөздерді дұрыс айту,
- паузалар,
- ырғақ,
- тембр,
- логикалық екпін,
- сөйлеудің көлемі мен жылдамдығы,
- сөйлеу қозғалыс аппаратының қалыпты жұмыс істеуі,
- есту аппаратының қалыпты жұмыс істеуі.

Дыбыстық мәдениетті қалыптастыру - балабақшада сөйлеу тілін дамытудың негізгі міндеттерінің бірі, өйткені оны шешу үшін ең қолайлы болып табылатын мектепке дейінгі жас.

Дыбыс мәдениеті жақсы қалыптасқан сөйлеу есту қабілеті негізінде қалыптасады және дамиды. Сөзді дұрыс түсіну, ең алдымен, есту зейіні, сондай-ақ физикалық есту арқылы қамтамасыз етіледі. Жақсы дамыған есту сөздердің айтылу көлемін дұрыс үйлестіруге, салыстырмалы түрде қалыпты қарқынмен, интонациялық мәнерлеп сөйлеуге мүмкіндік береді, ана тілінің барлық дыбыстарының анық, анық және дұрыс айтылуын қамтамасыз етеді.

Физикалық есту-бұл қоршаған дыбыстарды есту қабілеті.

Жақсы дамыған сөйлеу есту-дыбыстарды игеруге, буындардың дұрыс айтылуына, сөйлеу интонациясының дамуына көмектесетін қажетті шарт. Оған келесі элементтер кіреді: фонематикалық есту, ырғақты сезіну, сөйлеу тілі және дауыс ырғағын қабылдау, дыбыс жоғарылығын есту.

Сөйлеу есту-бұл адамның дыбыстық сөйлеудің барлық компоненттерін дәл қабылдау және дұрыс көбейту қабілеті, яғни тілдің барлық тән құралдарын тану, есту және беру, оларды жалпы қабылданған тілдік нормамен байланыстыру.

Фонематикалық есту-тіл дыбыстарын, фонемаларды қабылдау қабілеті, соның арқасында дыбысқа жақын сөздердің айырмашылығы белгіленеді.

Фонематикалық есту қабілетінің дамуы балаларға сөздерді дыбыстық талдауды орындауға үйретудің, оларды оқу мен жазуды меңгеруге дайындаудың маңызды шарты болып табылады.

Жақсы дамыған фонематикалық есту дыбыстық айтылымның дұрыс қалыптасуын, белгіленген әдеби нормаларға сәйкес сөздердің нақты және түсінікті айтылуын қамтамасыз етеді.

Сөйлеу тілінің қарқынын қабылдау және дауыстың қаттылығы-сөйлеудің жылдамдығы мен көлемін есту қабілеті.

Бірғақты есту-сөздің нақты үлгісін есту және дұрыс көрсету, ондағы екпін орнын табу қабілеті.

Жоғарыдыбыстық есту – дауыстың жоғарылықтағы өзгерістерін қабылдау және қабылдау, сөйлеудің эмоционалды түсін сезіну қабілеті.

Сөйлеу қозғалыс аппаратының дамуы-дыбыстар мен сөздерді нақты айту қабілеті дыбыстардың дұрыс артикуляциясына, артикуляциялық аппараттың құрылымына байланысты.

Артикуляция – дыбыстарды қабылдау процесінде сөйлеу мүшелерінің – тілдің, еріннің, кішкентай тілдің, жұмсақ таңдайдың, төменгі жақтың қызметі.

Сөйлеу тембрі-дауысқа қосымша тондармен берілген ерекше түс.

Дауыс күші - дауыс перделерінің тербеліс диапазонына байланысты. Дауыс аппараты-тыныс алу мүшелерін, вибраторларды қамтиды.

Сөйлеу қарқыны - бір минут ішінде айтылатын буындар санымен өлшенетін сөйлеу ойлау жылдамдығы. Сөйлеу қарқыны айтылуымен, сөйлеу тынысының дамуымен, сөйлеу есту қабілетімен, дауыс түзілуімен тығыз байланысты.

Сөйлеудің қолайлы қарқыны сөйлеуді дұрыс қабылдауға және түсінуге, сөздерді анық және түсінікті айтуға, сөздердің дұрыс айтылуын игеруге қажетті жағдайлар жасайды.

Дыбыстың айтылуы - ана тілінің дыбыстарын дұрыс шығара білу. Сөйлеу тілінің дыбыстық жағы-бұл біртұтас, бірақ әр түрлі жағынан зерттеуді қажет ететін күрделі құбылыс. Сөйлеу тілінің дыбыстық жағының әртүрлі жақтарын зерттеу оның балаларда біртіндеп қалыптасуының дұрыстығын түсінуге ықпал етеді және сөйлеудің осы жағының дамуын басқаруды жеңілдетеді. Қазіргі әдебиетте сөйлеу тілінің дыбыстық жағының бірнеше аспектілері қарастырылады: физиологиялық, физикалық, лингвистикалық.

Сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениеті-бұл өте кең ұғым, ол сөйлеудің фонетикалық және орфоэпиялық дұрыстығын, нақты дикцияны және оның экспрессивтілігін қамтиды.

Дыбыстық мәдениеттің қалыптасуы мыналарды қамтиды:

- 1) сөздің дұрыс айтылуы мен дыбысталуын дамыту, демек, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын, сөйлеу есту қабілетін, артикуляциялық аппараттың белсенділігін дамыту;
- 2) орфоэпиялық дұрыс сөйлеуді дамыту – әдеби айтылу ережелеріне сәйкес сөйлеу қабілеті.

Орфоэпия тек айтылуды ғана емес, сонымен қатар екпінді де қамтиды – ауызша сөйлеудің тән құбылысы болып табылады. Орфоэпиялық нормалар тілдің фонетикалық жүйесін, жеке сөздер мен сөз топтарының айтылуын, жеке грамматикалық формаларды қамтиды. Қаза тілінде әртүрлі және қозғалмалы екпіннің күрделі жүйесі бар.

Мектепке дейінгі балалық шақта негізгі сөздік қорынан сөздер алынады, оларды таңдау басқалардың сөздігіне, баланың қоршаған әлемдегі бағдарына байланысты.

3) сөйлеу мәнерлілігін қалыптастыру – сөйлеу мәнерлілігі құралдарын меңгеру дауыстың биіктігі мен күшін, кідірістерді, сөйлеу қарқыны мен ырғағын, түрлі интонацияларды пайдалана білу болып саналады. Бала үнемі қарым-қатынаста сөйлеудің табиғи экспрессивтілігін ғана емес, сонымен қатар өлең оқу, әңгімелеу, қайталау кезінде ерікті, мағыналы экспрессивтілікті үйренуді қажет ететіні байқалады;

4) дикцияны дамыту-әрбір дыбыс пен сөздің, сондай-ақ, тұтастай алғанда фразалардың жеке-жеке анық, түсінікті айтылуы;

5) этикеттің бір бөлігі ретінде сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу.

М.Ф. Фомичева, О.И. Соловьева, А.С. Фельдберг, А.М. Бородич, А.И. Максакова еңбектерінде, сондай-ақ оқу және әдістемелік құралдарда сөйлеудің дыбыстық мәдениеті ұғымы, оны қалыптастыру жөніндегі жұмыстың міндеттері қарастырылады [14,15,16,17,18].

Сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетінде екі бөлім бар: сөйлеу есту және сөйлеу мәдениеті: сөйлеуді қабылдауды дамыту (сөйлеу есту, оның негізгі компоненттері фонематикалық, ритақты, дыбыстық биіктіктегі есту, есту зейіні);

1) сөйлеу моторлы аппаратын (артикуляциялық аппарат, сөйлеу тынысы, дауыс аппараты) дамыту және осы негізде сөздердің, дыбыстардың айтылуын, анық артикуляцияны қалыптастыру.

Тілдің дыбыстық бірліктері сөйлеудегі рөлімен ерекшеленеді. Бұл сызықтық (бірінен соң бірі орналасқан) дыбыстық бірліктер: дыбыс, буын, сөз тіркесі. Бір-бірімен байланысып, сөздерді құрайды. Тек белгілі бір сызықтық реттілікте дыбыстардың қосылуы сөзге айналады, белгілі бір мағынаға ие болады.

Бала үшін ең қиыны - жеке дыбыстардың артикуляциясын игеру (р, л, ж, ш), содан кейін, ең алдымен, мектеп жасына дейінгі балалар үшін дыбыстық және сөздік айтылымды (сөйлеудің сызықтық дыбыстық бірліктерін) игеру ерекше маңызға ие.

Интонация негіздері (дауыс күші, әуен, сөйлеу қарқыны, оның тембрі, екпіні) – бұл басқа дыбыстық бірліктер, просодемалар (сызықтық емес). Логопедиялық және фонетикалық құралдарда дыбыстарды түрлендіруге просодемнің қатысуы артикуляция органдарының жұмысына қарағанда аз қарастырылады. Просодикалық бірліктер сызықтық бірліктерді сипаттайды және ауызша дыбыстық сөйлеудің қажетті белгісі болып табылады, олар артикуляциялық органдарды модуляциялауға қатысады.

Қазақ тілінің дыбыстық жағы көптеген дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы жұмсақтықпен, дауысты дыбыстардың әуенділігімен, әр дауыссыз дыбыстың айтылу

ерекшелігімен сипатталатынын атап өткен абзал. Қазақ тілінің эмоционалдылығы, жомарттығы интонациялық байлықта көрінеді.

Мектепке түсу кезінде дұрыс дыбыстық айтылым маңызды мәнге ие болады. Дыбыстарды естіп ажырата алмайтын және оларды дұрыс айта алмайтын балалар жазу дағдыларын игеруде қиындықтарға тап болады. Баланың балабақшада және үйде сезінетін қолайсыздықтары мектеп ұжымында көбірек көрінеді.

Көріп отырғаныңыздай, мектепке дейінгі білім беру ұйымында сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс мектепке дейінгі балалық шақта жүргізілуі керек, тек тікелей білім беру қызметінде ғана емес, сонымен қатар, әр түрлі іс – шараларда- бос уақытта, ойын-сауық пен мерекелерде жүзеге асырылуы керек. Осылайша, сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру үлкен әлеуметтік маңызы бар міндет болып табылады және оның маңыздылығын мұғалімдер де, ата-аналар да сезінуі керек.

Сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс дыбысты дұрыс айтуды қалыптастыру, фонематикалық қабылдауды, сөйлеу тыныс алуын, дауыс аппаратын дамытуды, интонациялық экспрессивтілік құралдарын қолдана білуді, сөйлеудің қалыпты қарқынын қамтиды.

Төрт-алты жастағы баланың дыбыс айту ерекшеліктері

Баланың төрт жасы сөйлеу тілін дамытудағы жаңа жетістіктермен атап өтіледі. Бұл жаста балалар еркін түрде сөйлейді, таныстарымен ғана емес, бөтен адамдармен де байланысқа оңай түседі. Қарым-қатынас қажеттілігі балаларды жаңа бастамаға итермелейді, олар өздігінен қарым-қатынас үдерісіне түсуді бастайды, көптеген сұрақтар қояды, танымдық қажеттіліктері ұлғаяды. Балаларды табиғат құбылыстары, адамдар арасындағы қарым-қатынастар, бейтаныс заттар қызықтырады. Бұл қызығушылықты қолдау қажет, өйткені ол баланың сөйлеу тілі және басқа да жоғары психикалық қызметтерін одан әрі дамыту негізінде жатыр. Барлық дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады, алайда кейбір дыбыстар толық қалыптаспаған (*р, с, з, ф, л, қ, ж*).

Бұл жаста дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдылары бекіген және фонематикалық қабылдау дағдылары қалыптасқан. Осы кезеңде балалардың сөздеріне кеш онтогенез дыбыстары енеді: *ш, ж, ч, ш, с, з, р, л* сияқты дыбыстарды айта алмаған балалар осы дыбыстарды дұрыс айтуда белсенді тәжірибеге ие болады, сондай-ақ «кеш шығатын» дыбыстарды меңгере бастайды. Әр балада дыбысты қалыпты айтуды толық меңгеру мерзімі әртүрлі, мысалға кейбіреулер 4 жасқа дейін осы тапсырманы орындауға үлгермейді, дегенмен 3 жас 6 айда қалыпты дыбыс айтуды меңгеретін балалар да бар. Р дыбысын («ара») л дыбысына («ала») ауыстыру және л дыбысын («лақ») жұмсақ Л' («ляқ») ауыстырып айтуы сөйлеу тілінің

дамуының артта қалуы деп саналмайды. Егер барлық дыбыстар *й* дыбысына алмастырылса («қол» – «қой», «лақ» – «йақ», «тырна» – «тына», «орман» – «оман»), онда осы топ дыбыстарының артта қалуы туралы айтуға болады.

Ызың және ысқырық дыбыстары 4 жаста жете ажыратылмаған болып келеді: *с* – *ш*, *з* – *ж*, *с'* – *ш* дыбыстарын шатастыру байқалуы мүмкін. Ысқырық дыбысты қажет ететін сөздерде ызың дыбыс айтылуы мүмкін («шана» – «сана», «жас» – «зас»). Балаларды шатастыратын екі дыбысты біреуінің дыбыстауын кейін өзінің айтқанын естіп, ажыратуға үйрету қажет. Көп буыннан құралған және дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді дұрыс айтуға мүмкіндік туғызу мақсатында артикуляция мүшелерінің қызметі жетіледі. Алайда күрделі сөздерді (бірнеше буыннан құралған немесе дауыссыз дыбыстар қатар келген жағдайда) айтқанда да қателер кездеседі, мысалы балалар, қалампыр, қызғалдақ, орамал («балалал, қаямпый, қызадақ, омарал, омалал») т.б.

Төрт жастағы балаларда дауыс аппаратын басқару қиындықтары анықталады, өздері байқамай өте қатты сөйлейді. Балалар интонацияны жақсы қабылдап, ертегілерді айту кезінде ересектерге еліктейді. Бұл жаста сөйлеу кезінде тыныс алуы ұзарады, бір дем шығару кезінде бала шағын фразаны немесе 4 дыбыстан тұратын баяу тізбекті айта алады: *а-у-и-о, ә-ү-і-ө-ұ* (Ибатова Г.Б.) [19].

Осы кезеңде балалардың сөйлеу және есту қабілеті жетіледі. Олар бір фонемамен ерекшеленетін сөздерді (*тас* – *бас*, *қас* – *қаш*, *қал-қар*, *қаш-қас*, *шаң-сан*) ажырата алады. Фонематикалық естудің дамуы балалардың дыбыстарды айту мүмкіндіктерінен озады, олар қандай да бір дыбысты дұрыс айта алмай, оны басқаның сөйлеу тілінде естиді, басқа баланың сөйлеу мәнерінде қателерді байқап, өзінің қате айтуын естіп, біле бастайды, ересектің басқаруымен өз қатесін түзете алады.

Бес жастағы балада ақыл-ой және сөйлеу тілінің дамуында елеулі жетістіктер байқалады. Бала ең маңызды байланыстарды бөліп, атай бастайды және оларды сөйлеуде дәл көрсетеді. Дыбыс айтуы айтарлықтай жақсарады: дауыссыздарды жіңішкертіп айтуы толығымен жоғалады, дыбыстар мен буындарды айтпай кетуі сирек байқалады. Төрт жаста барлық балалар ызың дыбыстарды айта алады, ал 5 жасқа қарай *л*, *р* дыбыстары пайда болады. Бірақ бір балаларда кейбір дыбыстардың тұрақсыз айтылуы қалады. Өмірінің бесінші жылында бала сөздегі дыбыстың бар не жоғын есту арқылы біліп, берілген дыбысқа сөзді атай алады («С» дыбысы бар сөздерді атайды: *сана*, *асық*, *маса*). Бұл жаста кейбір дыбыстар толық қалыптаспаған (мысалға *р*, *ф*, *х*, *ц*). Ысқырық және ызың дыбыстарды ажырату кезеңі аяқтала қоймаған.

Бес жасқа қарай ана тілінің дыбыстарын дұрыс айтуының қалыптасуы аяқталады. Балалар ана тіліндегі барлық дыбыстарды анық айта алады, әртүрлі көңіл-күйде айтылған интонацияны игеріп, дыбыстарды буынға қосады, буындардан сөздер құрайды, сөздерге дыбыстық талдау

жасайды. Балалар буын, сөз бен ұсыныстар құрамында барлық дыбыстарды анық айтуды үйренеді. Дыбыстардың нақты артикуляциясы, интонациялық мәнерлілігі қалыптасады. Балалардың бір бөлігінде артикуляциялық аппараттың құрылысы және қозғалуының бұзылуымен немесе фонематикалық есту қабілетінің дамымауымен байланысты дыбыстың әртүрлі кемшіліктері байқалады. Дыбыстық талдау дағдыларының қалыптасуы жақсы болады. Берілген дыбысты естуі, сол дыбысқа сөз таңдау, сөздерді дыбыстауы бойынша салыстыру және ажырата алу, сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдылары (сөздегі дыбыстың орнын (басы, ортасы және соңы) табу, берілген дыбысты басқа дыбыстар ішінен ажырату («Мен бірқатар дыбыстар айтамын, егер *ш* дыбысын естісең, қолыңды көтер: *ш, м, с, ш, т, ш, н, и*»), осы дыбыс бар буынды басқа буындар ішінен («Мен бірқатар буындар айтамын, егер *ш* дыбысы бар буын естісең, жалаушаны көтер: *ша, ма, са, ша, та, ша, на, ша*»), осы дыбыс бар сөзді басқа сөздердің ішінен ажыратуы («Мына суреттерді ата, арасынан атауында *ш* дыбысы бар суреттерді ата») қалыптасады. Тиісті оқыту кезінде бала сөздегі (сөздің басы, ортасы және соңы) дыбыстың айқындамасын ғана меңгеріп қоймай, сөздегі дыбыстың нақты орнын белгілейді, олардың сөздегі жүру реті бойынша дыбыстарды атайды (*шана* сөзінде, бірінші дыбыс *ш*, екінші дыбыс *а*, үшінші дыбыс *н*, төртінші дыбыс *а*). Бұл дағды сауат ашуға дайындықтың қажетті алғышарты болып табылады (Ибатова Г.Б.) [20].

Балалардың сөйлеу тілі дыбыстарын игеруінің өзіндік заңдылықтары бар. Д.Б. Элькониннің пікірінше, тілдің дыбыстық жағын зерттеу тіл арқылы қарым-қатынас құралына айналған сәттен басталады, яғни балалар ересектердің оларға бағытталған сөздерін түсініп, алғашқы тәуелсіз сөздерді айта бастайды.

Балалардың сөйлеу тілді түсінуінің негізінде жатқан психологиялық принциптердің бірі - даму принципі, оған сәйкес барлық психикалық процестер, соның ішінде сөйлеу тілі де, олардың дамуында белгілі бір сапалық кезеңдерге ие.

Сөйлеу тілі мен сауат ашуға оқытудың дыбыстық мәдениетін қалыптастырудың негізі - сөйлеу тілі және фонематикалық есту, фонематикалық қабылдау соның арқасында дағдылары мен біліктері дамиды және дыбыстық және тілдік дағдылар, одан әрі дыбыстық әріптік жинақтау мен талдауы дамиды.

Балалардың сөйлеу тілі дыбыстарын зерттеу сөйлеу моторлы мен есту анализаторларының бірлескен қызметін қамтиды. Айтылатын дыбыстарды басқалардың сөйлеу үлгілерімен салыстыра отырып, балалар өздерінің айтылуын жаңартады. Сонымен қатар, бастапқыда мектеп жасына дейінгі балалар жақсы еститін дыбыстарды емес, оларды айтылуы жеңілдірек дыбыстарды қабылдайды. Баланың естіп есте сақтауында белгіленген акустикалық сөйлеу бейнелері дыбыстарды шығаруға негіз болады.

Өмірдің төртінші жылында балалар әдетте жақын адамдарымен ғана емес, бейтаныс адамдармен де еркін байланыста болады. Қоршаған әлемге тереңірек енуге деген ұмтылыс, көкжиегін арттыру қажеттілігі бала ересектерге әртүрлі сұрақтармен жиі жүгіне бастайды. Қарым-қатынас белсенділігі көбінесе баладан туындайды.

Өмірдің төртінші жылы баланың дамуындағы жаңа жетістіктермен атап өтіледі. Сонымен қатар, жалпы және сөйлеу дамуында балаларда айтарлықтай жеке айырмашылықтар болуы мүмкін: кейбіреулері үш жылда сөйлеуді жақсы біледі, ал басқаларының сөйлеу тілі әлі де идеалдан алыс. Ол қоршаған шындықтың объектілері мен құбылыстары туралы қарапайым пайымдауларды білдіре бастайды, олардың арасындағы тәуелділікті таба бастайды, олар туралы қорытынды жасай бастайды.

Жаңа сөздерді түсіну барысында бала оларды есте сақтап, олардың дыбыстық жағын түсіне бастайды, зат пен оны білдіретін сөз арасындағы тығыз байланысты атап өтуге тырысады, жеке іс-әрекеттердің, заттардың атауларын өзінше түсінуге тырысады. Бұл баланың лексикаға қатысты әрекетке деген ынтасы бар екенін білдіреді. Ол көбінесе ана тілінде жоқ сөздерді қолдана бастайды.

Өмірдің төртінші жылында артикуляциялық аппараттың одан әрі дамуы жүреді: дыбыстарды қалыптастыруға қатысатын бұлшықеттердің қозғалысы мақсатты және саналы бола бастайды (тіл, төменгі жақ, ерін). Тілдің артқы ұшының бұлшықеттерін күшейту қатаң дауыссыз дыбыстарды жіңішкертпей дұрыс айтылуға ықпал етеді.

Сөздің дыбыстық жағына ерекше қызығушылық балаға басқалармен ұқсастығы бойынша сөздерді түзетуге көмектеседі.

Кейбір балаларда кеш онтогенез дыбыстары пайда болады, бірақ олардың көпшілігі қатаң ысқырық дыбыстармен алмастыра отырып, ызың дыбыстарды айтпайды. Мұндай балалар бар, олар өздерінің назарын сөздердің дыбыстық өңделуіне аудара бастайды, құрдастарының дыбысындағы қателіктерді бөліп көрсетеді. Сонор дыбыстары [у] немесе [й] дыбысымен ауыстырылады.

Балалар сөздерді дұрыс айта бастайды, бірінен соң бірі 2-3 дауыссыз дыбысты атайды, буындық құрылымы күрделі (3-4 немесе одан да көп) сөздерді қолдана бастайды. Бес жастағы баланың ақыл-ой және сөйлеу тілі дамуында айтарлықтай жетістіктері бар. Ол заттардың ең маңызды белгілері мен қасиеттерін бөліп көрсете алады және атай бастайды, қарапайым байланыстар жасайды және оларды сөйлеуде дәл қайталайды. Көптеген балалар бұрын айтылмаған дыбыстарды дұрыс айтады, Мысалы, [ы], [э], [х] дыбыстары нормаға жақындайды және ысқырық дыбыстарды айқынырақ айтады, [ц] дыбысы пайда болады. Сөйлеу тілі мазмұны жағынан әр түрлі, дәлірек және бай болады.

Балалар сөздердің дыбыстық өңделуіне деген қызығушылығы күрт артады. Ересек адам

айтқан сөздерді тыңдай отырып, бала олардың дыбыстарындағы белгілерге назар аударып, ажырата алады «кесе-кеше», «ешкі-ескі», «ошақ-осақ».

Өмірдің бесінші жылында артикуляциялық аппарат бұлшықеттерінің белсенді қозғалғыштығы балаға ернімен, тілімен дәлірек қозғалыстар жасауға мүмкіндік береді, олардың дұрыс, айқын қозғалысы мен орналасуы күрделі дыбыстарды айту үшін қажет.

Бұл жаста балаларда рифмаға деген құштарлық пайда болады. Мұндай ұмтылыс кездейсоқ емес, ол дыбысқа жақын сөздерді таңдау қабілетін дамытады, баланың сөйлеу есту қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Сөздермен ойнай отырып, кейбіреулер оларды рифмалайды өздерінің кішкентай екі, төрт сөзден тұратын тақпақтар құрайды, алайда, кейде олардың мазмұны мағынасыз болуы мүмкін.

Балалар «сөз», «дыбыс» терминдерінің мағыналарын жеткілікті түрде дұрыс түсіне бастайды және оларды қолдана бастайды, сөздерді саналы түрде тыңдайды, оларға белгілі бір дыбыстарды бөлектейді, ұқсас және әр түрлі дыбыстарды орнатады.

Сөзбен танысу бойынша арнайы жұмыстың нәтижесінде бала сөздің семантикалық және дыбыстық жақтары бар деген түсінік қалыптастыра бастайды. Ол әрқашан қандай да бір затты, құбылысты, сапаны көрсетеді және дыбыстардан тұрады.

Бұл жаста балалардың дыбыстық айтылуы бірнеше есе жақсарады: кейде дыбыстар мен буындарды айтпай, тастап кетеді, дауыссыз дыбыстардың жіңішке айтылуы толығымен жоғалады. Көптеген балалар бес жасқа дейін ысқырық дыбыстарды, [л], [р], [рь] дыбыстарын іштей қабылдайды және дұрыс айтады, олардың буындық құрылым сақтай отырып, көп буынды сөздерді дұрыс айтады. Кейбір балаларда ысқырық дыбыстарды айту әлі де тұрақсыз – кейбір сөздерде дыбыс дұрыс айтылады, ал басқаларында-жеке сөздердің, әсіресе бейтаныс және көп буынды сөздердің дұрыс емес, анық емес айтылуы байқалады.

Кейде дыбыстардың айтылуында проблемалар туындайды, әсіресе белгілі бір дауыссыз дыбыстармен толтырылған сөздерде, мысалы, бір уақытта ысқырық, ызың дыбыстар [л] және [р]. Бұл балалардың кейбір білімдері бекітілмегендігімен немесе оларды есту және өз айтуында анық ажыратпайтындығымен түсіндіріледі. Сөздердің әдеби айтылу нормаларын сақтап, көбінесе екпін сөздерде дұрыс қолданылады. Оқытудың әсерінен дыбысты айтудың мұндай жетілмегендігі уақыт өте келе жоғалады.

Бұл жас дыбыс айтудың тұрақсыздығы байқалады. Балалар дыбыстарды дұрыс немесе бұрыс айтады, көбінесе бір сөзде («силк» -цирк, «концерт» - конселт» және бір минуттан кейін сол сөз «сирік» немесе «концелт») айтады.

Ортаңғы топ мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің дыбыс айту ерекшеліктерін естіп, анықтай алады. Сұрақтарға жауап бере отырып, балалар өздерінің мәлімдеме жасау қабілеті туралы пайымдайды.

Кейбір балаларда мектеп жасына дейінгі балалар мектепке дейінгі жастың екінші жартысында қызықты құбылыс кездеседі, олар дыбыстарды дұрыс айтуға көшеді [ш, ж] және [р] дыбысы. Бала, әдетте, өзіне қажетті дыбысты алмастыратын дыбыстарды жаңа дыбыспен алмастырады. Бала бұл дыбыстарды қажет және қажет емес жағдайларда артық қолдана бастайды: «тшвет» (свет), «арма» (алма), «қолшчатырл» (қолшатыр). Әдетте бұндай ауыстыру кездейсоқ емес. Өмірдің бесінші жылының аяғында көптеген балалар ана тілінің барлық дыбыстарын дұрыс айтады, бірақ олардың кейбіреулері әлі де ысқырық дыбыстарды, [р] дыбысын дұрыс айтпайды.

Кейбіреулерінде [с], [з] дыбыстарының (тістердің арасына тілдің ұшын шығарған кезде), [р] дыбысының қате айтылуы байқалады (тістің ұшының тербелуіне байланысты емес, жұмсақ таңдайдың немесе тілдің дірілдеуі нәтижесінде). Мұндай балаларға ауыр жағдайларда логопедтің арнайы көмегі қажет.

Бес жасқа қарай балалардың сөйлеу тілінің дыбыстық жағының айтарлықтай жақсаруы байқалады, олардың көпшілігінде дыбысты меңгеру процесі аяқталады. Дыбыстарды, буындарды ауыстыру және қолдану сирек кездеседі және сөздердің қысқаруы дерлік жоғалады, балалардың сөйлеу белсенділігі артады, олар ересектерге жиі сұрақтар қояды. Сөйлеу тілі таза, айқын болады. Мектеп жасына дейінгі балалар монологтік сөйлеуді меңгере бастайды.

